

Ұшқын Сәйдірахман

БОСҚЫН ҒҰМЫР – БОСТАН РУХ

*Түркістан тәуелсіздік дискурсы:
эмиграция хроникасы*



УДК 314.743 (574)

ББК 60.7 (5Каз)

С28

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қазақ эмиграциялық баспасөзінің интеллектуалды
дискурсты қалыптастырудағы рөлі» (АР25796077)
ғылыми жобасы аясында шығарылды*

Сәйдірахман Ұ.

**Босқын ғұмыр – бостан рух. Түркістан тәуелсіздік дискурсы:
эмиграция хроникасы (суретті инфографика). – Астана:
«Миқабә» баспасы, 2025. – 32 бет.**

ISBN 978-601-82290-4-6

Инфографикалық кітапша Түркістан тәуелсіздігі жолындағы эмиграциялық күресті қысқа әрі көрнекі түрде таныстырады. Онда түркістандық тұтқындар тағдыры және «Түркістан легионы» мен "Милли Түркістан Бірлік Комитеті" мәселесі жинақы баяндалады. «Иени Түркістан», «Милли адабият» басылымдарының идеялық қызметінен хабар береді.

Басылым қазақ эмиграциясы тарихы мен түркі дүниесінің азаттық идеясына қызығатын жалпы оқырманға арналған.

© Сәйдірахман Ұ., 2025

© «Миқабә», 2025

ISBN 978-601-82290-4-6



9 786018 229046

КІРІС СӨЗ

Құрметті оқырман, қолыңыздағы бұл кітапша – иллюстрация мен инфографика тәсілін ұштастыра дайындалған шағын зерттеу. Ол Еуропадағы қазақ эмиграциясының саяси ойы мен зияткер ізденісін, тәуелсіздік жолындағы идеялық күресін баяндайды.

Қазақ эмиграциясының интеллектуалдық кеңістігін шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – Мұстафа Шоқайдың Францияға кетіп, сонда ұлттық тәуелсіздік идеясын өрістетуімен байланысты. Бұл уақытта «Түркістан ұлттық бірлігі» қозғалысы қалыптасып, «Яш Түркістан» журналы он жыл бойы үзіліссіз жарық көрді.

Екінші кезең ІІ дүниежүзілік соғыс жылдарында неміс тұтқынына түскен түркістандық сарбаздардың тағдырымен сабақтас. Осы тұста «Түркістан легионы» мен «Түркістан ұлттық бірлік комитеті» сияқты құрылымдар пайда болды. Екі кезеңнің де ортақ ерекшелігі – баспасөздің басты құрал болуы.

Эмиграциялық дискурс – әлі де үңіле зерттеуді қажет ететін тың тақырып. «Яш Түркістан», «Милли Түркістан», «Иени Түркістан», «Милли адабият» секілді басылымдарда көтерілген ойларды түсіну үшін, ең алдымен, олардың қай жағдайда, нендей тарихи шарт пен саяси ортада пайда болғанын білу маңызды.

Міне, қолыңыздағы «Босқын ғұмыр – бостан рух» осы қажеттен жарық көрді. Біз бұл туындыда тарихи деректерді дәстүрлі баяндау емес, заманауи инфографика әдісі арқылы ұсынуды жөн көрдік. Өйткені бұл тәсіл күрделі саяси ұғымдар мен ауыр тарихи мәліметтерді ықшам, жүйелі әрі көрнекі түсіндіреді.

Кітапша өткен дәуірдің саяси ахуалы мен рухани тынысын, тәуелсіздік идеясының қалай қалыптасып, қандай тайғақ кешулермен жетілгенін көрсетуді көздейді. Бұл еңбекті парақтаған оқырман Түркістан тәуелсіздік идеясының эмиграциядағы даму жолын көре алса, оның бүгінгі бостандықпен сабақтас мәнін сезіне білсе – біздің мақсатымыздың орындалғаны.

Автордан



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР НЕМІС ТҰТҚЫНЫНДА



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР НЕМІС ТҰТҚЫНЫНДА

II дүниежүзілік соғыста Германияға тұтқынға түскен кеңес әскерлері

- Барлығы: 5 734 528 әскер
- оның ішінде шамамен 2 000 000 түркі-мұсылман әскерлері

Тұтқынға түсу кезеңдері



1941 жыл,
маусым-қараша



3 600 000 тұтқын



1942 жылы



1 653 000 тұтқын



ТҰТҚЫНҒА ТҮСКЕН
2 420 000 САРБАЗ
ҚАЗА ТАПТЫ НЕМЕСЕ
ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ



СТАЛИННИҢ
«ТҰТҚЫНҒА БЕРІЛМЕУ ТУРАЛЫ»
ДИРЕКТИВАСЫНАН
(1941 ж. 16 тамыз № 270 бұйрық)

- Ұрыста тылға қашқан не тұтқынға түскендер **«қасақана дезертир»** деп танылып, оқиға орнында атылсын. Олардың отбасы тұтқындалсын.
- Егер командир не бөлім қарсылық көрсетпей тұтқынға берілсе – **олар түгел жойылсын.**
- Ұрыс кезінде окопта тығылып, шайқасты басқарудан қашқан батальон не полк командирлері **бірден қызметтен алынып, қажет болса оқиға орнында атылсын.**



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР НЕМІС ТҰТҚЫНЫНДА

1941 жыл,
сәуір

Уәли Қаям Мұстафа Шоқайға екі рет келіп, неміс үкіметінің Берлинге шақыруын жеткізді, бірақ Мұстафа екі жолы да барудан бас тартты

1940 жыл,
14 маусым

Неміс әскерлері Мұстафа Шоқай тұрған Францияның Ножан қаласын басып алды

1941 жыл,
22 маусым

Таңғы 3:30-да «Барбаросса операциясы» басталып, Германия Кеңес Одағына ресми соғыс жариялады

1941 жыл,
22 маусым

Неміс әскерлері Мұстафа Шоқайды Ножандағы (Франция) үйінен тұтқындап, Компьень лагеріне әкелді

1941 жыл,
22 маусым-
шілде ортасы

Мұстафа Шоқай Компьеньде үш аптадай болып, Түркістан жөнінде баяндама жасады

1941 жыл,
шілде

Немістер Мұстафа Шоқайға радио арқылы тұтқындарға үндеу жасауды ұсынды, алайда ол алдымен түркістандықтармен кездестіруді талап етті

1941 жыл,
шілде
ортасы

Мұстафа Парижден Берлинге қарай әскери көлікпен жолға шықты

1941 жыл,
17 шілде

Рейхтің шығыс аймақтарын басқару министрлігі («Шығыс министрлігі») құрылды. Альфред Розенберг басқарған бұл орган лагерьлерге де жауап берді

1941 жыл,
шілде
ортасы-тамыз

Берлинге келген соң М. Шоқай тұтқындармен бірден кездесе алмады. Лагерьлерді аралау үшін ол 6 аптадай рұқсат күтуге мәжбүр болды

1941 жыл,
тамыз

«Шығыс министрлігі» жанынан тұтқындармен жұмыс істейтін 7 адамдық комиссия құрылды. Оған жетекшілікке штрумбанфюрер Гейбель тағайындалды



**КОМИССИЯНЫҢ МІНДЕТІ:
ТҰТҚЫНДАРДЫ ҰЛТЫНА ҚАРАЙ ЖІКТЕП, ОЛАРДАН МӘЛІМЕТ АЛУ**

КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ



**Комиссия жетекшісі
ГЕЙБЕЛЬ**
штурмбанфюрер (майор)
(Ұлттық-социалистік
неміс жұмысшы
партиясы (НСДАП)
мүшесі)



**ГРУЗИНДЕР
ӨКІЛІ**



**АРМЯНДАР
ӨКІЛІ**



МҰСТАФА ШОҚАЙ
мұсылман-түркі тұтқындары
ісінің төрағасы
әрі түркістандықтар өкілі



ӘЛИХАН ҚАНТЕМІР
солтүстік кавказдықтар өкілі



МЕХМЕТ БЕЙ
әзербайжандар өкілі



АХМЕТ ТЕМІР
татар-башқұрт және финдер
(Еділ-Орал аймағы) өкілі

**МҰСТАФА ШОҚАЙҒА
КӨМЕКШІ ӘРІ АУДАРМАШЫ РЕТІНДЕ
УӘЛИ ҚАНОМ ТАҢДАЛДЫ**

Мұстафа Шоқайдың тұтқындағы
түркістандықтарға
сөйлеген сөзінен

Менің сүйікті отандастарым!

Сіздерге қарап менің жүрегім қан жылап тұр. Сіздер темір тордың арғы жағында азап шегуге тиіс емессіздер! Жоқ! Алла тағала Түркістанның ұланғайыр төсінде еркін өскен ұланның тілеуін берсін. Жаратқанның жәрдемімен сіздердің немістерге тұтқын болудан құтылып, өз отбасыларыңыздың жанында бейбіт өмір сүретіндеріңізге менің сенімім кәміл. Менің ойымша, сіздердің араларыңызда ынты-шынтысымен берілген коммунист яки комсомол жоқ. Сіздер өзінің отаны бар біртұтас ұлттың ұланысыздар. Сондықтан біздің бір отбасының балаларындай бір-бірімізге бауыр басуымыз керек. Біздің келешек отанымыз – ұлы Түркістанды құру үшін сіздерді түрлі мамандықтар бойынша жұмысқа орналастырып, шеберліктеріңізді шыңдау – менің ең негізгі мақсатым болмақ!



**М.Шоқайдың жары Марияға жазған
бір хатынан**

Менен жәрдем күткен және маған үміт артқан осы бақытсыз байғұс жандарға ешқандай көмек көрсете алмағандығыма байланысты жан азабын шегудемін; мен оларға көмектесуге уәде берудемін және оларды жұбату үшін біле тұра өтірік айтудамын...

**М. Шоқайдың ізбасар серігі Тайыр
Шағатайға хатынан**

Бұл жердегі кездесулерім аяқталды. Парижге қайтуға шешім қабылдадым... Осы қысқа хатты бұрынғы досымыз Вичи арқылы почтаға салғызып отырмын. Парижге оралғаннан кейін жазатын егжей-тегжейлі хатымды күтерсің.

М. Шоқайдың неміс билігіне баяндамасынан:

Сіздер, немістер, өздеріңізді Еуропаның ең өркениетті және мәдениетті халқы ретінде көресіздер. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің осы көргендерім болса, мен де сіздердің дәл осы тұтқындарша ауыртпалықта қалуларыңызды тілеймін. Сіздер XX ғасырда, Шыңғыс ханның XII ғасырда жасағынан да бетер зұлмат жасап жатырсыздар.

ТҮРКІСТАНДЫҚТАР НЕМІС ТҰТҚЫНЫНДА

1941 жыл,
29-30
қараша

Ченстохов лагеріне көптеген тұтқындар жеткізілгенін естіген Мұстафа сол жаққа барды. Лагерьде сүзек байқалса да комиссия тұтқындармен кездесуді жалғастырды. Бұл Шоқай барған соңғы лагерь болды.

1941 жыл
1-17
желтоқсан

2 апта карантиннен кейін комиссия мүшелерінде ауру белгілері байқалмады. Оларға Берлинге қайтуға рұқсат берілді.

1941 жыл,
17
желтоқсан

М. Шоқайдың ыстығы көтеріле бастады.

1941 жыл
19
желтоқсан

1941 жыл, 19 желтоқсан: Комиссия Берлинге оралғанда Мұстафа Шоқайдың қызуы 40 градусқа көтеріліп кетті.

1941 жыл
20
желтоқсан

М. Шоқай сүзек ауруы деген күмәнмен Берлиндегі «Виктория» ауруханасына күштеп жатқызылды. Францияға, үйіне қайтуына рұқсат берілмеді.

1941 жыл
27
желтоқсан

Мұстафа Шоқай Берлиндегі «Виктория» ауруханасында кешкі сағат 18:20-да көз жұмды. Ресми анықтама оны сүзектен қайтыс болды деп көрсетті, алайда нақты неден өлгені жұмбақ күйі қалды.

1941 жыл
31
желтоқсан

Мария табыт ішінде жатқан жұбайын тек әйнек сыртынан ғана көре алды. Бірақ мәйіттің беті бүркемеленіп тұрды.

1941 жыл
2
қаңтар

Жұма күні Мұстафа Шоқайдың мәйіті Берлиндегі «Түрік шейіттері» қабырстанына жерленді. Бұл жолы да Марияға қосағымен соңғы рет жақыннан қоштасуға рұқсат берілмеді.

М. Шоқайдың Тұтқындар комиссиясы құрамында аралаған лагерлері

КОМИССИЯНЫҢ БІРІНШІ ЭКСПЕДИЦИЯ АЙМАҒЫ

📍 Ганновер іргесіндегі Фаллингбостель графтығына қарайтын Эрбке (Шталаг XI D (321) және Берген-Белсен (Шталаг XI O (311) лагерлері

📅 1941 жыл, 27-28 тамыз

КОМИССИЯНЫҢ ЕКІНШІ ЭКСПЕДИЦИЯ АЙМАҒЫ

📍 Шығыс Пруссиядағы, Торунь, Просткен, Сувалки, Ширвиндт, Метзикен, Погеген, Эбенроде лагерлері.

📅 6-25 қыркүйек

КОМИССИЯНЫҢ ҮШІНШІ ЭКСПЕДИЦИЯ АЙМАҒЫ

📍 Польша мен Украинадағы, Лемберг, Ярослав, Кочановка, Деба, Замош лагерлері.

📅 1941 жыл, 7 қазан-28 қараша.

КОМИССИЯНЫҢ ТӨРТІНШІ ЭКСПЕДИЦИЯ АЙМАҒЫ

📍 Польшаның Ченстохов лагері.

📅 1941 жыл, 29-30 қараша.

🕒 **М. Шоқай**
1941 жылдың тамыз-желтоқсан аралығындағы 5 айда 15 лагерьді аралап, 70 000 аса түркістандық тұтқындарды анықтады.



М. Шоқай неміс билігінің тұтқын жерлестерін Кеңес Одағына қарсы соғысқа пайдалануға үзілді-кесілді қарсы болды. Ол түркістандықтар немістер үшін емес, тек өз жерін қорғау үшін ғана соғысуы керек деген ұстанымда болды.



МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ЛЕГИОН ҚҰРУҒА ҚАРСЫ ШЫҒУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ

- ❖ **Нацистік Германияның нәсілшіл саясаты**
- ❖ **Лагерьлердегі адам төзгісіз жағдай мен тұтқындарға қатігездік**
- ❖ **Нацистік Германияның Түркістан тәуелсіздігіне ашық уәде бермеуі**








ҰСЫНЫСТАРЫ









- ❖ **Тұтқындардың тұрмыс жағдайын түзеу**
- ❖ **Неміс офицерлерінің тұтқындарға мәмілесін жақсарту**
- ❖ **Соғысқа ерте айдалып, тұтқынға түскен жастардың оқуын жалғастыруына мүмкіндік беру**
- ❖ **Тұтқындарды соғысқа емес, зауыт-фабрика, өндіріс орындарында еңбекке тарту**



ЛЕГИОНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ



-  **1941 жыл, қазан:**
екі генерал Әли Фуад Ерден мен Хұсни Әмир Еркилет пашалар Гитлермен жолықты. Түркі нәсілінен армия құру идеясын тілге тиек етті.
-  **1941 жылғы 15 қараша:**
легиондардың құқықтық негізі қаланды.
-  **1941 жыл, желтоқсан басы:**
А.Розенберг қолға түскен шығыс халықтарынан легион жасақтау жобасын ұсынды.
-  **1941 жыл, 14 желтоқсан:**
Гитлер тұтқындардан легион жасақтауға келісім берді.
-  **1941 жыл, 22 желтоқсан:**
Вермахттың Жоғарғы Бас қолбасшылығы ресми түрде түркістан, армян, грузин және мұсылман-кавказ легиондарын құруға бұйрық шығарды.
-  **1942 жыл, 13 қаңтар:**
Түркістан-Кавказ мұсылман легионы құрылып, оның құрамына әзербайжан, грузин, армян, шешен, ингуш, қарашай-балқар, дағыстан, қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік және басқа да Түркістан мен Кавказ халықтары енді.
-  **1942 жыл, 19 ақпан:**
Түркістан-Кавказ мұсылман легионын жеке-жеке құрылымдау жұмыстары басталды.

-  **1942 жыл, мамыр:**
Түркістан легионы құрылды. Құрамына Қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ сарбаздары кірді.
-  **1942 жыл, жаз:**
Кавказ мұсылман легионы құрылды.
-  **1942 жыл, тамыз:**
Кавказ мұсылман легионынан Әзірбайжан легионы мен Солтүстік Кавказ легионы (Таулы Кавказ легионы) жеке бөлініп шықты.
-  **1942 жыл, жаз:**
Армян легионы жасақталды.
-  **1942 жыл, күз:**
Грузин легионы құрылды.
-  **1942 жыл, күз-қыс:**
татар, башқұрт, шуаш, мордва, ұдмұрт ұлт өкілдері кірген Еділбойы татар легионы құрылды.
-  **1942 жыл, қараша:**
Орыс азаттық армиясын (Русская Освободительная Армия) құру қолға алынды.
-  **1942-1943 жылдары**
Польшада 50 000 адамнан тұратын 52 Дала батальоны құрылды (14 Түркістан легионы, 8 Әзірбайжан легионы, 8 Грузин легионы, 8 Армян легионы, 7 Солтүстік кавказ легионы, 7 Еділ-татар легионы).

ЛЕГИОННЫҢ ҚҰРЫЛУ СЕБЕПТЕРІ

ГЕРМАНИЯ-
НЫҢ
АНТИСОВЕТТІК
САЯСАТЫ

КЕҢЕСТЕР
ОДАҒЫН
ІШТЕН
ЫДЫРАТУ

ТҰТҚЫНДАРДЫ
КӨМЕКШІ
ҚОСЫН
РЕТІНДЕ
ПАЙДАЛАНУ

ТҮРКИЯ
ДИПЛОМАТ-
ТАРЫНЫҢ
ЖАНАМА
ӘСЕРІ

ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1942 Ж.:
ТЕК БАТАЛЬОНДЫҚ
ДЕҢГЕЙДЕ (ШАҒЫН ЖҮЗДІК
БӨЛІМШЕЛЕР) ЖАСАҚТАЛЫП,
ӘРТҮРЛІ МАЙДАНДАРҒА ШАШЫРАЙ
ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ.

1943 Ж.:
БАТАЛЬОНДАР ПОЛККЕ
ТОПТАСТЫРЫЛЫП, ТҰРАҚТЫ
ДИВИЗИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМҒА АЙНАЛДЫ.
ВЕРМАХТТЫҢ 162-Ш ЖАЯУ ӘСКЕР
ДИВИЗИЯСЫ («ТҮРКІСТАН
ДИВИЗИЯСЫ») ҚҰРЫЛДЫ.

ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ЛЕГИОНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРҒАН НЕМІС ТҮРКІТАНУШЫ МАМАНДАРЫ



АНДРЕАС МАЙЕР-МАДЕР

*Түркітанушы, неміс армиясының офицері
Түркістан легионының алғашқы құрылымдарын
ұйымдастыруға тікелей қатысушы*



ГЕРХАРД ФОН МЕНДЕ

*Түркітанушы, «Шығыс министрлігінің» Кавказ және
түркі халықтарының саяси істері бойынша кеңесшісі,
Легиондардың идеологиялық және мәдени бағытын
үйлестіруші*



РАЙНЕР ОЛЬЦША

*Лингвист, шығыстанушы
Насихат материалдарын даярлауға қатысушы*

БҰЛ МАМАНДАР ТӨМЕНДЕГІ ЖҰМЫСТАРҒА ТІКЕЛЕЙ ТАРТЫЛДЫ

а. легиондарды ұйымдастыру

б. насихат саясатын белгілеу

с. барлау және диверсияға маман таңдау

Легион жасақтау үшін әскери тұтқындарды оқытып, идеологиялық тұрғыдан қайта даярлау қажет болды. Осы мақсатта жүздіктерді оқытатын лагерьлер ұйымдастырылды.

✓ ТҮРКІСТАНДЫҚТАРДЫ ДАЯРЛАЙТЫН НЕГІЗГІ ЛАГЕРЬ
Чернигов облысының Ромны (Ромнахта) қаласы,
Батыс Украинадағы Умань қоршауында қалғандарға
Шепетовка және Ровно қалалары


✓ ӘЗЕРБАЙЖАНДАРДЫ ДАЯРЛАЙТЫН НЕГІЗГІ ЛАГЕРЬ
Чернигов облысының Прилуки (Прилукахта) қаласы

✓ ГРУЗИНДЕРДІ ДАЯРЛАЙТЫН НЕГІЗГІ ЛАГЕРЬ
Полтава облысының Гадяч (Гадяче) ауданы





✓ АРМЯНДАРДЫ ДАЯРЛАЙТЫН НЕГІЗГІ ЛАГЕРЬ
Полтава облысының Лохвица (Лохвице) қаласы


**✓ СОЛТҮСТІК КАВКАЗ МҰСЫЛМАНДАРЫН ДАЯРЛАЙТЫН
НЕГІЗГІ ЛАГЕРЬ**
Полтава облысының Миргород қаласы

Бұл лагерьлерде тұтқындар әскери дайындықтан өтіп, неміс армиясына бағынышты ұлттық бөлімдер ретінде жасақталды.



ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ ҚАТЫСҚАН ШАЙҚАСТАР

-  **1942 Ж. ЖАЗ-КҮЗ
СОЛТҮСТІК КАВКАЗ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ**
-  **1942 Ж.
СЕВАСТОПОЛЬ ОПЕРАЦИЯСЫ**
-  **1942 Ж.
БЕЛАРУСЬ ПАРТИЗАНДАРЫНА ҚАРСЫ СОҒЫСТАР**
-  **1943 ЖЫЛДАН БАСТАП
ФРАНЦИЯ-АТЛАНТИКА ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ
ГАРНИЗОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ**



162-ТҮРКІСТАН ЖАЯУ ӘСКЕР ДИВИЗИЯСЫ

Құрылу күні

21 мамыр 1943

Үлгісі

Классикалық неміс жаяу әскер дивизиясы

Құрылымы

3 жаяу әскер полкі, артиллерия полкі,
инженерлік, байланыс, көлік, медицина
бөлімдері

Құрамы

50% немістер, 50% түркістандықтар

Қолбасшылық

Жоғарғы басшылық немістердің қолында
болды, унтер-офицер және кейбір офицерлік
қызметтерді түркістандықтар атқарды



ЛЕГИОНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Командирлері

генерал-майор

Оскар Риттер фон Нидермайер (1943-1944),
генерал Ральф фон Хейгендорф (1944-1945)

Майдан ұрысы

Италияда (1943-1944) партизандыққа қарсы
операцияларда, кейін Югославияда
(1944-1945) әрекет етті.

Кеңес майданына жіберілмеді.



ЕРЕКШЕЛІГІ

- ✓ Бұрынғы легионерлік батальондық үлгі тұрақсыз болды, оларды немістер жиі бөлшектеп пайдаланды.
- ✓ 162-Түркістан дивизиясы – түркі халықтарының ең алғашқы тұрақты әскери дивизиялық құрылымы.
- ✓ Дивизия құрамында 30 мыңға жуық түркістандық сарбаз болды.
- ✓ 162-Түркістан дивизиясы – Вермахтағы түркі халықтарының сарбаздарынан құралған ең ірі әрі тұрақты әскери бірлік.
- ✓ Ол Германияның Шығыс бөлімшелерінің ішіндегі ең ірі дивизия болды.



**МИЛЛИ ТҮРКИСТАН
БІРЛІК КОМИТЕТІ**



МИЛЛИ ТҮРКІСТАН БІРЛІК КОМИТЕТІ

1942 жылы тамыз айында түркістандық тұтқындардан жасақталған көмекші отрядтарды басқару үшін «Ұлттық Түркістан Бірлік Комитеті» деген атпен бір комитет құру қолға алынды.

КОМИТЕТ ТӨРАҒАЛЫҒЫНА УӘЛИ КАЮМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

МТБК – Ұлттық Түркістан бірлік комитеті, Milli Türkistan Birlik Komitesi, National Turkestan Union Committee

Түркістан легионының саяси-идеологиялық жетекші органы


Германияның Шығыс істер министрлігі (Остминистр) қолдауымен жүзеге асты

МАҚСАТЫ МЕН МИССИЯСЫ







Түркістанның ұлттық тәуелсіздігін жариялау

Түркістан халықтарын КСРО-ға қарсы біріктіру

Түркістан жастарын ұлттық рухпен тәрбиелеу



1942 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАРАШАДА РЕСМИ ҚҰРЫЛДЫ

-  Германия тарапынан Түркістан мәселелері бойынша жоғарғы орган ретінде мойындалды және ұлттық үкімет мәртебесіне ие болды.
-  МТБК қызметі 9 саладан тұруы көзделді. Бұл болашақ тәуелсіз Түркістан мемлекетінің мемлекеттік мекемелерінің шағын үлгісі ретінде қарастырылды.
-  МТБК Президенттік кеңесінің құрамына 4 қазақ, 3 түркімен, 3 өзбек, 2 тәжік, 2 қырғыз кірді.
-  1944 жылдың мамыр айында Венада МТБК құрылтайы өтті. Оған 573 делегат қатысты, олардың 36-сы бақылаушы ретінде болды. Сиез 13 комитет мүшесін бекітіп, 70 адамнан тұратын Ұлттық мәжіліс сайлады.
-  Құрылтайдағы комитет атынан Саттар Алмамбетов негізгі баяндама жасады.
-  Құрылтайда Түркістанның әнұраны болып «Гүзәл Түркістан» бекітілді.

**МИЛЛИ ТҮРКІСТАН БІРЛІК КОМИТЕТІ
ҚҰРАМЫ**

✓ **БАСШЫЛЫҚ**

👤 **Президент: Вели Каюм (Veli Kayum)**

👤 **Бас хатшы: Саид Керім**

✓ **САЯСИ БӨЛІМ (ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ РАДИО
ІСТЕРІ БӨЛІМІ)**

Сыртқы саясат

Ұлттық бағдарлама

👤 **Бөлімді Ергеш Шермет басқарды**

✓ **БАСПА-ҮГІТ БӨЛІМІ**

Баспасөз шығару

Легионерлерге үгіт-насихат жүргізу (үндеу, брошюра)

👤 **Бөлімді Мәжит Айтбай басқарды**

✓ **МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ БӨЛІМ (БІЛІМ БӨЛІМІ)**

Имамдар мектебі

Легионерлерді оқыту

👤 **Бөлімді Ахат Сәлім басқарды**

✓ **ҰЙЫМДАСТЫРУ-АҚПАРАТ БӨЛІМІ**

Эмигрант зиялыларды координациялау

Қызметкерлер тағайындау

👤 **Бөлімді Саттар Алманбет басқарды**

✓ **ӘСКЕРИ БӨЛІМ (СИМВОЛИКАЛЫҚ)**

Легионмен байланысты үйлестіру

Жауынгерлердің ұсыныстары мен арыздарын жинау

👤 **Бөлімді Баймырза Хайт, Рамазан Құрбан басқарды**

✓ **ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА БӨЛІМІ**

Баспа құралдарына қаражат бөлу

Қызметкерлерге көмек

**КОМИТЕТТИҢ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ
ЗОММЕРФЕЛЬД ЛАГЕРІ (ОРТАЛЫҚ)
БЕРЛИНДЕГІ УАҚЫТША КЕҢСЕ**

- ✓ 1944 жылғы Вена құрылтайында
Абдулхамит Шолпанның
«ГҮЗӘЛ, ТҮРКІСТАН» ӨЛЕҢІ
Түркістан босқын үкіметінің әнұраны болып бекітілді.

ГҮЗӘЛ, ТҮРКІСТАН

Güzel Türkistan sana ne oldu
Neden vakitsiz güllerin soldu
Ey güllerin soldu.
Çimenler berbat, kuşlar hem feryat
Hepsi mazlum olmaz mıdır şad
Ey olmaz mıdır şad.
Bilmem niçin kuşlar uçmaz bahçelerinde
Ey bahçelerinde.
Birliğimizin sarsılmaz dağı
Ümidimizin sönmez çırağı
Ey sönmez çırağı.
Birleş ey halkım vakti geldi Süslensin şimdi
Türkistan bağı Ey Türkistan bağı.
Uyan halkım yeter şunca cebir cefalar
Ey cebir cefalar
Al bayrağını kalbim uyansın
Kulluk, esaret hepsi yansın Ey hepsi yansın
Kur yeni devlet düşman utansın
Büyüyüp Türkistan kıymetin artsın
Ey kıymetin artsın.
Gülüp oynayıp öz vatan bağlarında Ey gül
bağlarında.



ГҮЗӘЛ, ТҮРКІСТАН

Гүзәл Түркістан, саған не болды?
Таң рауанында гүлдерің солды,
Әй, гүлдерің солды.

Бақшалар құрап, құстар мұңайған,
Барлығы зарлы, қуана алмаған,
Әй, қуана алмаған.

Білмеймін неге құстар ұшпайды бақтарыңда,
Әй, бақтарыңда (екі рет).

Бірлігімізге жау төнді,
Үмітіміздің шамы сөнді,
Әй, шамы сөнді.

Бірік, халқым, келді сәті,
Мәңгілік Түркістан сәнге еніп, жаңғырып кетті,
Әй, Түркістан мәңгі.

Қозғал, халқым, жетер енді азаптар,
Әй, азаптар (екі рет).

Жүрегімде жалауың желбіресін,
Құлдық, езгі түгел жансын,
Жаңа мемлекет туып, дұшпан күйресін,
Түркістан өсіп, басын көтерсін,
Әй, басын көтерсін!

Жайнап, жарқыра, өз Отаның гүл бағыңда,
Әй, гүл бағыңда (екі рет).



Шығарушысы мен жағдайы

Милли Түркістан Бірлік Комитеті (МТБК) Вели Қаюм ханның басшылығымен 1942 жылдан бастап «Иени Түркістан» газетін шығара бастады. Бұл олардың «Милли Түркістан» журналына қосымша болды.

Мақсаты

Газеттің басты мақсаты — Түркістан легионының сарбаздарын әлемдегі оқиғалармен таныстыру, олардың соғыс естеліктерін жариялау және ұлттық әрі діни сезімдерін күшейту. Ол сарбаздардың орыс саясаты туралы хабардар болуына әрі ұлттық-діни рухын сақтауға қызмет етті.

Легионмен байланысы

«Иени Түркістан» газеті мен «Милли Түркістан» журналы бірге майдандағы сарбаздарға таратылып, олардың орыс саясатын түсінуіне және ұлттық-діни сезімдерін сақтап қалуына ықпал етті. Ал «Милли Түркістан» журналы Түркістан легионы сарбаздары үшін «оқулық, рухани күнделік және ұлттық сезім мен ойдың қайнар көзі» ретінде қарастырылды.

ЛЕГИОНЕР ПОРТРЕТИ



**«Түркістан легионы» сапындағы бір топ әскер
(1943 ж. Тьйонвиль, Солтүстік Франция)**

ЛЕГИОНЕР ПОРТРЕТІ




**«Түркістан легионы» сарбаздары шахмат ойнауда
(1943 ж. Нормандия, Франция)**



**Шығыс Майданда Кеңестерге қарсы соғысқан ақ
камуфляждағы түркі әскері (Март, 1943)**



**«Иени Түркістан» газетін оқып жатқан
«Түркістан легионы» сарбазы**



**«Түркістан легионының» байрағын
ұстаған сарбаздар**

МАЗМҰНЫ

КІРІС СӨЗ

1



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР НЕМІС ТҰТҚЫНЫНДА

3



ЛЕГИОНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

11



МИЛЛИ ТҮРКІСТАН БІРЛІК КОМИТЕТІ

21



БОСҚЫН ҒҰМЫР – БОСТАН РУХ

**Түркістан тәуелсіздік дискурсының эмиграция шежіресі
(суретті инфографика)**



Жауапты редактор:
Қарлығаш ӘУБӘКІР
Беттеуші дизайнер:
Назерке БОЛАТҚЫЗЫ
Корректор:
Меруерт ШІМЕНБАЙ

Басуға 29.10.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 84×108/32. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылым. Әріп түрі Times New Roman.
Шартты баспа табағы 1,5.
Таралымы 200 дана.